

А.Т. Қашқынбаева¹

*¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

ЭТНОСАРАЛЫҚ КОНФЛИКТІНІ РЕТТЕУДІҢ ТҮРЛІ ТӘСІЛДЕРІ: ӘЛЕМДІК МЫСАЛДАР НЕГІЗІНДЕ

Аңдатпа

Конфликт ұғымы адамзат баласына ежелден тән құбылыс. Конфликтілердің шығу тегін зерттейтін конфликтология пәнінде этносаралық конфликтілерді зерттеудің жалпыға ортақ әдіснамасы қалыптаспаған. Осы мәселені зерттеуші сарапшылардың арасында конфликтілерді реттеу мен алдын-алу бойынша қолданылатын тәсілдер төңірегінде ауызбіршілік жолға қойылмаған. Бұл этносаралық конфликтілерді шешудің тиімділігін төмендететіндігі сөзсіз. Мақалада этносаралық негізде ортаға шығатын конфликтілерді реттеуге бағытталған тәсілдерге талдау жасалынған. Сонымен қатар, ұсынылған тәсілдердің негіздемесін арттыру мақсатында әлемдік мысалдарға баға берілген.

Түйін сөздер: этносаралық конфликт, тәсілдер, факторлар, демографиялық ахуал, медиаторлар

A.T. Kashkynbaeva¹

*¹doctoral student of L.N. Gumilyov Eurasian national University,
Nur-Sultan, Kazakhstan*

DIFFERENT APPROACHES TO RESOLVING INTER-ETHNIC CONFLICTS: BASED ON INTERNATIONAL EXAMPLES

Abstract

The concept of conflict is a phenomenon inherent in humanity since ancient times. In the subject of "conflictology", which studies the origin of conflicts, there is no General methodology for the study of inter-ethnic conflicts. There is no interaction between experts-researchers of this problem in the field of applied methods of regulation and prevention of conflict situations. This, of course, reduces the effectiveness of resolving conflicts, including inter-ethnic ones. The article analyzes methods aimed at resolving conflicts that move to the inter-ethnic sphere. In addition, world examples are evaluated in order to increase the validity of the proposed methods.

Keywords: interethnic conflict, methods, factors, demographic situation, mediators

A.T. Kaishkinbaeva¹

*¹докторант Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева,
Нур-Султан, Казахстан*

РАЗЛИЧНЫЕ ПОДХОДЫ К УРЕГУЛИРОВАНИЮ МЕЖЭТНИЧЕСКИХ КОНФЛИКТОВ: НА ОСНОВЕ МИРОВЫХ ПРИМЕРОВ

Аннотация

Понятие конфликт - явление, присущее человечеству с древнейших времен. В предмете «конфликтология», изучающей происхождение конфликтов, не сформирована всеобщая методология исследования межэтнических конфликтов. Не налажено взаимодействие между экспертами-исследователями этой проблемы в области применяемых методов регулирования и профилактики конфликтных ситуаций. Это, безусловно, снижает эффективность решения

конфликтов, в том числе и межэтнических. В статье сделан анализ методов, направленных на урегулирование конфликтов, переходящих на межэтническую сферу. Кроме того, дана оценка мировым примерам с целью повышения обоснованности предложенных методов.

Ключевые слова: межэтнический конфликт, способы, факторы, демографическая ситуация, медиаторы

«Конфликтіні реттеу» ұғымын талдамас бұрын оның мағыналық шегі мен шет тілдердегі баламаларын айқындап алуымыз қажет. Қазақ тіліндегі ғылыми терминологияның бір ізге түспеуі кесірінен ұғымдар мен түсініктерге түсіндірме беріп, олардың мағынасын айқындауда түрлі кедергілер туындап жатады. «Конфликт» сөзін «қақтығыс», «кикілжің» деп аудару арқылы біз оның мағыналық аясын шектеп, ғылыми дәлдіктен алшақ кетіп жатырмыз. Ал конфликтіні ауыздықтауға қатысты саналуан манипуляциялық әрекеттердің ағылшын, орыс тілдерінде ондаған түрлі атаулары бар және олар конфликтінің кезеңдеріне, қолданылатын тәсілдемелер мен әдістерге, қойылған мақсатқа байланысты әркелкі болып келеді. Ескертетін жағдай, бұл ұғымдардың ешқайсысы қатып қалған қағида емес және түрлі әдебиеттерде синоним ретінде пайдаланыла беруі әбден мүмкін. Ағылшын тілінде конфликтіні реттеу және шешудің төңірегіндегі әрекеттерді “regulation” (реттеу, орыс тіліндегі «регулирование» дегенге келеді), “management” (басқару), “resolution” (шешу), “settlement” (реттеу, орыс тіліндегі «урегулирование» дегенге келеді), “termination” (аяқтау), “transformation” (трансформация) деген терминдер қолданылады [1, б. 48].

Жоғарыдағы шаралардың барлығының түпкі мақсаты – тараптардың конфликт тарихын бірлесе сараптау арқылы оның туындау себептерін анықтап, тығырықтан шығудың лайықты, екі жаққа да тиімді жолдарын іздестіріп, оттың тұтануына негіз болған материалдық, процедуралық, психологиялық деңгейдегі жағдаяттар мен себептерді еңсеріп, өзара түсіністікке келуіне жәрдемдесу. Кикілжіңді толық аяқтау дегеніміз – оған түрткі болған себепті сылтаудан ажырату, себеп болған жайтты және оның салдарын түпкілікті жою [2, б. 28]. Яғни, ең идеалды жағдайда конфликтіні шешу «жеңіс-жеңіс» схемасы негізінде орындалып, тараптардың қажеттіліктері толық қанағаттандырылып, шынайы әріптестік қайта қалпына келуі керек.

Дегенмен, сарапшылар этностық кикілжіңдерді бұлайша толығымен аяқтау ешқашан мүмкін емес дейді. Тек күштеу әдістерін қолданып, проблеманы толығымен жойып жібергенде ғана конфликт физикалық тұрғыдан тыншуы ықтимал. Ал өркениетті жолмен шешілген кикілжіңдер бәрібір қайта тұтануы мүмкін. Мәселен, С.Волф Эфиопия мен Эритрея арасындағы бітім келісімін алға тартады. Екі жақ бейбіт уағдаластыққа қол жеткізгенімен, бұрынғы жаушылық пен дұрдараздық сақталып, кейін шекараны демаркациялау кезінде соғыс оты қайта тұтанды [3, б. 41].

Сондықтан, батыс ғалымдары өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап «конфликтіні басқару» (conflict management), яғни, іс жүзінде конфликтіні манипуляциялау, теориясының негізін қалады. Бұл концепцияны жақтаушылардың айтуынша, кикілжіңнің алдын алу не оны шешуден гөрі басқару әдісі – шынайы өмірге ең жақын әдіс. Себебі, конфликтіні ушықтыру, деэскаляциялау әдістері сияқты оның алдын алу, шешу, аяқтату – осының барлығы жалпы конфликтіні басқарудың құрамдас бөлігі ғана. Мәселен, кейде конфликтіні шешудің орнына оны одан сайын ушықтыру әдісі таңдалуы ғажап емес, бұл араласушы тараптардың мақсат-мүддесіне байланысты болмақ. Бір сөзбен айтқанда, «конфликтіні басқару дегеніміз – конфликтіні қолдау, аяқтату не басқа бір мақсаттарға жету үшін жүзеге асырылатын әрекет» [4, б. 57].

Яғни, реттеу, шешу не аяқтату шараларының барлығы – конфликтіні басқару әрекетінің аясында іске асырылатын, белгілі бір тактикалық мақсатты көздейтін әрекет десек, конфликтіні басқару конфликтіге қатысты іс-қимылдардың, процестер мен амалдардың жиынтық атауы болып шығады. Батыс конфликтология ғылымында «conflict management» термині институтталған ұғым болса, ТМД ғалымдары бұл атауды қолдануға аса құлықты болып отырған жоқ. Оның басты себептерінің бірін Ресей ғалымы Н.Косолапов атап өтті. Оның пікірінше, «конфликтіні басқару» теориясын бұрынғы КСРО аумағында қолдануға келмейді. Себебі, оған негізделген конфликтіні манипуляциялау ұғымы өте күшті де ықпалды бір тараптың әлсіз контрагенттерді – конфликтіге қатысушыларды жеке-дара билеп-төстей алуы дегенді білдіреді. Ал, посткеңестік кеңістікте мұндай аса ықпалды да пәрменді саяси күш жоқ, тіпті сондай рөлді атқара алады деген Ресейдің өзі кейде басқа бір күштердің шылауына түсіп қалып жатады [5, б. 34].

Концептуалдық айырмашылықтары көп болғанымен, іс жүзінде конфликтінің алдын алу, басқару және реттеу шаралары қатар қолға алынып жатуы мүмкін және алдын алу шарасы бір тараптан қарағанда реттеу әдісіне ұқсаса, бір тараптан басқару әдісіне де жатқызылуы мүмкін [6,

б. 22]. Мәселен, Югославия мемлекеті ыдырап жатқан тұста БҰҰ, оның соңынан НАТО, Македонияға шекараны бақылау миссиясын аттандырды.

Бұл миссия бір жағынан бұрынғы одақтық мемлекеттің басқа өңірлерінде жалындап тұрған соғыс өртінің Македонияның ішіне таралып кетпеуін мақсат тұтса, екінші жағынан Македонияның өз ішіндегі этностық дүрдараздықтың кескілескен ұрысқа айналып кетпеуін қадағалады. Яғни, біріншісі – кикілжіңді басқару әдісі болса, екіншісін алдын алу тәсіліне жатқызамыз. Бұл – этностық конфликт табиғатының аса күрделі, кешенді болып келетінінен және оны шешу амалдарын қарастырғанда түрлі факторларды ескере отырып кешенді технологияларды қолдану керектігінен хабар береді.

Конфликтіні реттеу мүмкін болмаған жағдайда оны басқару әдісі қолданылуы мүмкін. Ол кикілжіңді шешпесе де, оны әрі қарай ушықтырмай, бір деңгейде ұстауға, қарулы қақтығыстың салдарын азайтуға бағытталады. Мәселен, 1974 жылы Кипр аралына БҰҰ бітімгершілік миссиясын жіберді. Бұл шағын аралдағы түріктер мен гректер арасындағы қантөгісті тоқтатып, соғысты аяқтауға көмектесті. Дегенмен, конфликтінің түпкі мәселелері шешілмей сол күйінде қалды.

Конфликтіні басқару және реттеу әдістерінің және бір қыры – ол институтталған жұмыс шеңберін қалыптастырып, соның нәтижесінде жанжалдасушы тараптар келіспеушілікті бейбіт жолмен, компромисс арқылы шешудің қару қолданудан тиімді екенін түсінетіндей жағдай жасауды мақсат тұтады. Конфликтіні басқару әдісінің аясында, мәселен, ұрыс аймағында қалған халыққа гуманитарлық көмек жеткізу шарасы да ұйымдастырылады.

Конфликтіні реттеу мен шешу ұғымдарының арасында және бір үлкен айырмашылық бар, әрі бұл ағылшын тілі лексикасындағы ерекшелікке байланысты. Реттеу (settlement) дегеніміз – сырттан түсіріліп, ұрысушы тараптар соған амалсыз мойынсұнған шара болса, конфликтіні шешу (resolution) – тараптардың ерікті түрде өзара қол жеткізген келісімі. Әдетте бұл терминдер бір-бірінің орнына қолданыла береді [1, б. 49]. Олай болмаған күннің өзінде, дәстүрлі бейбіт реттеу шараларын мәжбүрлеу әдісі деп немесе керісінше, дипломатиялық келіссөздерде мәжбүрлеу әдісі мүлде қолданылмайды деп түсінбеу керек.

«Медиация, бітімгершілік, төрелік, сот төрелігі, және халықаралық ұйымдардың түрлі процеду-ралары тараптардың еркін шектеуге жол береді, ал бұл олардың арасындағы келіспеушілікті еңсеруге кедергі келтіреді. Бұл шектеу екі формада жүзеге асады: Біріншіден, тараптар үшінші жақтың конфликтіге араласуының құқықтық және саяси заңдылығын мойындауы керек. Екіншіден, төрелік және сот төрелігі шараларын қоспаған басқа барлық жағдайларда үшінші жақтың ұсыныстарын қолдауы қажет. Егер тараптар өз мәселелерін медиатордың араласуынсыз екеуара дипломатиялық келіссөздер арқылы шешуге тырысса, онда олар да өздеріне ыңғайлы шешімге қол жеткізу үшін ықпал ету әдістерін барынша қолданып бағады. Әдетте, үлкен конфликтілердің көпшілігінде үшінші жақтың араласуы және екіжақты дипломатия амалдары қатар жүріп жатады» [7, б. 111].

М.Эсманнның айтуынша, конфликтіні басқарудағы басты мақсат – «тапшы ресурстар мен мүмкіндіктерді өзара бәсекеге түскен топтар арасында үлестіру» ал онда қолданылатын техника «ашық жаушылдық пен соғыстың алдын алу не оны бақылауға жұмылдырылады, екінші жағынан кең ауқымды қауымдық ынтымақтың саяси мәнін төмендетуге бағытталады» [1, б. 51].

«Басқару» ұғымы «конфликт» сөзінің табиғатымен үйлесіп тұр. Конфликтінің қоғамға екі түрлі кереғар ықпалын ескерер болсақ, «басқару» сөзі оның сипаттамасына сай келеді. Себебі, конфликті жасампаздық іс-әрекетке қозғау болумен қатар, екінші жағынан жүйені дезинтеграциялап, қолда бар ресурстарды өзара күрес шараларына шығындауға жол береді. Демек, басқару арқылы оның екінші жағдайдағы ықпалын мейлінше азайтып, бірінші, жасампаздық қасиетін мүмкіндігінше қоғам игілігіне пайдалануға күш салған жөн.

Конфликтіні басқару және реттеу шараларының халықаралық қауымдастықтың, соның ішінде БҰҰ мен ЕҚЫҰ-ның, Еуроодақтың және басқа да аймақтық ұйымдардың, сондай-ақ, мемлекеттер мен үкіметтік емес ұйымдардың жұмыла әрекет етуінің арқасында ғана нәтиже бере алатыны айқын болды. Солтүстік Ирландияға қатысты бітім келісімі – АҚШ-тың, Израиль мен Палестина арасындағы Осло шарты Новегияның жылдар бойғы арағайындық әрекетінің жемісі. Егер Африка одағы араласпағанда, Бурунди көрші Руандада тағы бір геноцид ұйымдастырмасына кім кепіл еді? НАТО мен ЕО миссия жібермегенде Македониядағы македондар мен албандар арасындағы кикілжің ел ішінде және бір қанды қақтығысқа әкеліп соқтырған болар ма еді? Осындай сұрақтардың теориялық шешімдері әлі бір ізге қойылмаған.

Американ ғалымы У.Айрес «сәтті шешілген конфликт» ұғымына терең талдау жасаған. Оның айтуынша, конфликтті шешудің нәтижелілігі оның қай кезеңде жүзеге асырылғанына байланысты болмақ. Эскалация жағдайындағы конфликт деэскалацияланғанда, келіссөздер барысында екі жаққа да ыңғайлы келісімге қол жеткізілсе, ал конфликтті реттеу шаралары барысында ұзақ уақыт бейбітшілік орнаса, онда кикілжінді сәтті шешілді деп санауға болады.

«Сәтті шешілген конфликтінің» үш ерекшелігі бар: конфликтінің қарқыны бәсеңдеуі керек, тараптар арасында екі жаққа да тиімді коммуникация қалыптасуы қажет әрі өзара уағдаға келуі керек. Осы үш өлшем бойынша нәтижеге қол жетсе, конфликтінің сәтті шешілгені. Ал тек бірекеуі орындалса, онда жартылай сәтті деген сөз. Американ ғалымының айтуынша, 1973 жылы Израиль мен Египет әскери қақтығысты тоқтатуға қол жеткізді, ал қалған екі өлшем бойынша келісім тек арада бірнеше жыл өткен соң ғана мүмкін болды [8, б. 39].

Тәжірибелі, бейтарап, беделді медиатордың ойнайтын рөлі орасан зор екені осы мысалдардан байқалады. Дегенмен, бұдан кикілжіңге қатысушы тараптар ештеңеге қауқарсыз, өз бетінше жүрген ойыншылар деген ой тумауы керек. Қанша жақсы ұйымдастырылса да, бәрібір жергілікті ойыншылардікімен салыстырғанда олардың мүмкіндігі шектеулі болмақ. Және бейбітшілікке деген ұмтылыс жергілікті жерде көбірек байқалуы тиіс.

Джон Бертон медиацияның бірнеше негізгі қағидаларына тоқталып өтеді. Біріншіден, конфликтінің түрлі қатысушы тараптары болады, олардың әрқайсысының конфликтіге араласудағы мүддесі және оны шешуге немесе ушықтыруға қатысты стратегиясы болады. Грекия мен Түркия арасындағы келісім Кипр мәселесін шеше алмайтыны сияқты Израиль мен Египет арасындағы уағдаластық Палестина дауын реттей алмайды.

Себебі, онда негізгі қатысушы тараптардың мүдделері мен талаптары назардан тыс қалып отыр. Сондықтан, кикілжінді бір деңгейде шешуге асықпай, оны түрлі деңгейлерге бөліп қарастырғаннан кейін ғана арағайындық етудің тактикасын әзірлеген жөн. Екіншіден, медиациялық процестерге бір тараптың өкілі ретінде қатысатын адамның лауазымынан гөрі оның өз қауымдастығының талап-тілектерін түсіндірудегі қабілеті басты рөл ойнайды. Үшіншіден, келіссөзге қатысатын адамдар саны неғұрлым аз болғанда ғана әңгіме нәтижелі болады. Бертонның айтуынша, әр тараптан екі адамнан, ал бейтарап жақтан 4-6 кісі қатысса жеткілікті. Төртіншіден, кездесу соғысқа қатысы жоқ бейтарап аймақта, достық рәуіштегі тыныш орында (мәселен университетте) өткізілуі қажет және қатысушылардың отыратын орындарына үлкен мән берілуі керек [9].

Отыз жылға созылып, 3 мыңдай адамның өмірін жалмаған Солтүстік Ирландия кикілжіңді екі нәрсені дәлелдеді. Біріншіден, этностық конфликт тек кедей елдерде емес, бақуатты қоғамдарда да болады. Екіншіден, оған түрткі болған себептер тым тереңде жатқандықтан, қатысушы тараптардың мүдделері арасында тым үлкен алшақтық болғандықтан, эскалация жағдайына жеткен мұндай текетірестерді шешу қиынға соғады.

1998 жылы Ұлыбритания, Солтүстік Ирландия және Ирландия Республикасы өкілдері бітім келісіміне қол қойғанға дейін мұнда конфликтіні реттеудің қаншама әдістері қолданылып, қанша конференциялар мен келіссөздер өткізілді. Солтүстік Ирландияда адам құқықтарын сақтауға қатысты арнайы заң да қабылданды, ерекше қауіпсіздік және құқықтық режим жасалды, шекарадағы ынтымақтастық жолға қойылды, экономикалық, әлеуметтік, мәдени қарым-қатынастың ерекше шаралары қарастырылды. Мұның әрқайсысы жеке-жеке жоба ретінде конфликтіні реттеу технологиясының шеңберінде бейбітшілікке мүдделі тараптардың ат салысуымен жүзеге асты. Солтүстік Ирландия кикілжіңіндегі қабылданған алдын алу, реттеу және басқару шараларының хронологиясы жалпы этностық кикілжінді шешу ісінде үлгі болады.

Ресейлік және қазақстандық этносаралық конфликт зерттеушілерінің назарынан тыс қалып отырған ерекше бір мәселе – демографиялық жағдайдың ықпалы. Батыс ғалымдары этностық топтар арасында не мемлекет пен этностық топ арасында билік, ресурс немесе мәртебе жолындағы талас кикілжіңге алып келгенде оның бейбіт жолмен өту-өтпеуі өңірдің демографиялық картинасына тікелей байланысты болады дейді. Қақтығысқа қатысы бар топтардың саны қанша (қарсыласушы ұлтпен және елдегі басқа ұлттармен салыстырғандағы үлес салмағы), олардың қоныстану реті қандай (қаншалық тығыз қоныстанған, анклавтар бар ма, шашырай қоныстанған болса аймақтардағы үлес салмағы қанша?), қоныстанып отырған жердің көлемі қандай (жалпы аумағы, үлес салмағы), бұл аймақтар көпұлтты ма әлде бірұлтты ма? Осы критерийлер бойынша жағдайды бағалау арқылы олардың талаптары талданып, тиісті әрекеттер қолға алынады [1, б. 53]. Осы демографиялық индикаторлар мен этностық топтардың талап-тілектері негізінде ол конфликтінің алдын алуға не басқаруға болатын-болмайтыны таразыланады. Олардың талап-

тілектеріне және депривациялық көңіл-күйінің ауанына қарай өзін-өзі басқарудың аумақтық және аумақтық емес формалары, жергілікті не орталық билікті бөлісу, шекаралық институттар, адам құқықтарын және азшылықтар құқықтарын қорғау механизмдері қолданылуы мүмкін.

Шешенстандағы жағдайды демографиялық критерийлер тұрғысынан қарастырып көрейік. 2004 жылғы деректер бойынша Шешенстандағы 1 миллионға жуық халықтың 98 пайызы этникалық шешендер екен. Ал мұның алдындағы 1989 жылы өткізілген халық санағының қорытындылары бойынша, Шешенстан тұрғындарының саны 1 400 000 адам болған және олардың 23 пайызы этникалық орыстар болған. Демек, осы он бес жылдың ішінде республикадан орыс ұлтының өкілдері жаппай кете бастаған, бұл – аймақтағы этностық ахуалдың шиеленісіп, халыққа қауіп төне бастағанын білдірсе керек [1, б. 55]. Демографиялық ахуалды үкімет бақылаудан шығарып алған, соның кесірінен Ресейдің субъектісі іс жүзінде бірұлтты республикаға айналған. Осындай бірұлттылықтың арқасында аймақтағы бүлікшілер ислам халифатын құру, тәуелсіз мемлекет құру туралы ұсыныстарды батыл айта бастады. Ал Ресей үкіметі олардың қажеттіліктерін ескеріп, билікті бөлісу, азшылықтарды қорғау, жергілікті мәдени автономия, адам құқықтарын қорғау сияқты шараларды қолға алуы тиіс еді. Мәскеу шешен бүлігін инситуттандырудан қаймығып, күш қолдану арқылы басып тастау әдісін қолданды. Ал Финляндияның құрамындағы таза шведтер қоныстанған Ааланд аралдары ұлтаралық мәселені бейбіт реттеудің озық үлгісі бола алады. Аралға өзін-өзі басқаратын автономия құқығы берілген әрі шекаралық институттар қалыптасқан. Соның арқасында бұл арал соңғы бір ғасыр бойы ың-шыңсыз тіршілік кешіп келеді.

Дегенмен, этностық жанжалдарға территориялық тұрғыдан қарауға қатысты теориялық және тәжірибелік пікір қайшылықтары дүниежүзі ғалымдары мен саясаткерлері арасында әлі күнге дейін жалғасып келеді. Халықаралық құқық нормаларының басты қағидаларының бірі – ұлттың өз мемлекеттік құрылысын өзі шешу құқығының аясына сыйдырылатын мұндай сепаратистік қозғалыстар дүние жүзінің түкпір-түкпірінде үздіксіз жүріп жатыр. Ең бастысы – қазіргі тәуелсіз мемлекеттердің көпшілігі осы құқықты негізге ала отырып кезінде басқа бір мемлекеттердің құрамынан бөлініп шыққан. Жалпы қалыптасқан ұғым бойынша, өзінің өткенін белгілі бір аумақпен байланыстыратын этностық топтардың өз мемлекеттік құрылысын өзі шешу мәселесін көтеру ықтималдығы жоғары. Дж.Фирон мен Д.Лейтиннің тұжырымы бойынша, мұндай халықтар өз қажеттіліктері жеткілікті дәрежеде қанағаттандырылмаған жағдайда қарулы қақтығысқа баруға да жақын тұрады.

Жерге қатысты мұндай конфликтілер кезінде бейбіт келісімге келу қиынның қиыны әрі мемлекет те жерді беру арқылы концессияға баруға құлықты емес. Сондықтан, осы тақырып төңірегінде қызу пікірталас жүріп жатады. Батыс ғалымдарының арасында көпұлтты қауымдастықтарда жерге қатысты дауды шешудегі тиімді механизмдердің бірі – оларға сол аумақта белгілі бір деңгейде басқару еркіндігін беру десе, Ресей ғалымдарының арасында мұндай мемлекеттік құрылыс ақыр соңында сецессияға, мемлекеттің бөлшектенуіне алып келеді деген пікірлер басым. Осы диссертацияның үшінші тарауындағы талдауда біз ғалымдардың ТМД аумағындағы кикілжіндердің тұтануына себепкер болған негізгі жайттардың бірі – олардың өз автономиялық ауданы шеңберінде тәуелсіздікке ұмтылуы екенін талдап айтамыз. Яки, Б.Андерсонның тұжырымына сәйкес ұлт дегеніміз белгілі бер жағрафиялық аумақта мекендейтін, түрлі символдары мен тілдік, діни, мәдени, салттық бірегейлігі бар халық тобы десек, автономиялық құрылыс олардың даралану үдерісін тездетіп, олардың сол жерге эмоциялық-психологиялық тұрғыда жақындығын арттыра түседі. Т.Гардың айтуынша, «соңғы тарихи мәліметтер көрсеткеніндей, автономиялық келісімдер аймақтық конфликтілерді реттеуде оңтайлы әдіс бола алады» [10, б. 48].

Этностық конфликтіні реттеудің түрлі кезеңдерінде дағдарыстан шығудың бір жолы ретінде тәуелсіздікке ұмтылушы ұлтқа кең автономиялық өзін-өзі басқару құқығы ұсынылады. ТМД кеңістігіндегі сепаратистік соғыстарда да мұндай ұсыныстар ортаға шыққан болатын. Бірақ, сепаратистік аймақтардың басшылары қандай да формадағы өзін-өзі басқару ұсыныстарынан бас тартып, тек тәуелсіздікті мақсат тұтатындықтарын көптеген этносаралық жанжалдар өздерінің түпкі мақсаттарына қол жеткізе алмауда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. М.Ж. Сеңгірбай. *Этносаралық қақтығыстардың алдын алу мен реттеудің технологиялары (посткеңестік мемлекеттер тәжірибесі). Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.* – Алматы, 2012.

2. Еришов А. *Личность и коллектив (межличностные конфликты в коллективе и их разрешение)*. – Ленинград, 1979. – 32.
3. Wolff Stefan. *Ethnic conflict: a global perspective* - New York: Oxford University Press, 2006 - P.147.
4. Фельдман Д.М. *Политология конфликта*. – Москва, 1998. – С.139.
5. Косолапов Н. *Конфликты в СНГ: некоторые вопросы методологии исследования* // МЭИМО. – 1994. – №8-9. – С.61.
6. Cordell Karl, Wolff Stefan. *Ethnic conflict. Causes-Consequences-Responses*. Cambridge: Polity Press, 2009. – 304 p.
7. Yalem Ronald. *Controlled Communication and Conflict Resolution* // *Journal of Peace Research*. – 1971. – Vol. 8, No 3 /4. – P.264.
8. Esmen Milton. *The Management of Communal Conflict* // *Public Policy*. – 1973. – Vol.21. – P.55.
9. Nordlinger Eric. *Conflict Regulation in Divided Societies* // *Harvard University Center for International Affairs*. – 1972. – Vol.29. – P.11.
10. Дятченко Л.Я. *Социальные технологии в управлении общественными процессами*. - Белгород: Центр социальных технологий, 1993. – С.73.